

Жаһандану дәуіріндегі түрік-герман тілдерінің байланысы

Л. С. Байманова

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті-дың ф.ғ.к., доцент, Көкшетау, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада YII-X ғасырларда пайда болған және бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан неміс-түрік тілдерінің этнотілдік тілдесімдерінің кейбір аспектілері қарастырылады. Сонымен қатар автор тілдесімді қазіргі әлемдік тілдік кеңістіктің даму деңгейі мен бағытын көрсететін жаһандану, үрдіс сияқты құбылыстармен байланыста қарастырады.

«Жаһандану» терминінің пайда болуын 1985 жылы осы түсінікті талқылаған американ социологының атымен байланыстырады. Жаһандану - бұл жеке елдердегі халықаралық мәні бар әртүрлі факторлардың жалпыөсу әрекетінің әлеуметтік шындыққа қатынасының үрдісі (мысалы, экономикалық және саяси байланыстар, мәдени және ақпараттық алмасу). Жаһандануға байланысты әлем халықтарының тілдері өз қызметінде белгілі бір өзгерістерге ұшырайды. Әлемдік экономикалық бірлікке талпынған жаһандану оның тілдерінің бірігуі тенденциясын үндейді. [1, с.23–27]. Жетілген әлеуметтік лингвистикалық шындық әлеуметтік жағдайда тілдердің қызметі мен дамуы болып табылады. Бірақ бұл үрдіс бұрын бір ғана мемлекет шеңберінде ғана болса, соңғы он жылда жаһандануға байланысты әлемдік лингвистикалық деңгейде көріне бастады. Бұл үдерістің әлеуметтілігі екі қарама-қарсы тенденцияда: түрлі тілдік қауымдастық өмірінде әлемдік тілдер ролінің өсуі және әлем халықтары тілдері қызметінің өзгеруі. Осы екі тенденция қазіргі әлемдік тілдер кеңістігінің бағыты мен деңгейін білдіреді.

Бірінші тенденция - әлем тілдерінің таралуы мен бәсекелестігі жаһандану үдерісінің іздері ретінде. Халықаралық қоғамдық ұйымдарда жұмыс тілі болатын және әртүрлі тілдік қауымдастықтағы (ағылшын, француз, қытай, орыс, испан, араб тілдері) адамдар арасында әртүрлі қатынас аясында таралған тілдер әлемдік тілдер болып табылады. Бұл тілдердің әрбіреуі ұзақ уақыт бойы көп немесе аз өзіндік тұрақты тілдік кеңістігі болғанын атап өтуге болады (француз тілі - франкфония елдері, ағылшын – АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Гонконг және т.б., испан тілі – Латын Америкасы, орыс тілі – КСРО, социалистік елдер лагері). Бірақ маңызды тарихи катаклизмалар (мысалы, Кеңес Одағының және социалистік лагердің құлауы) тілдік кеңістік шекарасын айтарлықтай өзгертті, ал белсенді жаһандану әлемдік тілдер арасындағы бәсекелестікті күшейтті. Осы бәсеке-

лестікте француз тілі жеңіліп, орыс тілі өзінің тілдік кеңістігінің бір бөлігін жоғалтқандығы анық көрінеді. [2, с.260–291]. Жаһандану үдерісі КСРО құлағаннан кейін көрініп, әлемде басымдық ететін АҚШ-тың ролімен тығыз байланысты, сондықтан жаһандану негізінде қоғамның ағылшын-американдық моделі, оның экономикасы, саясаты және мәдениеті жатады [3, с.128–151]. Мұның тілдік салдары әлемдік тілдер арасында жеңімпаз ролінде көрінетін ағылшын тілінің әлемде кеңінен қызмет етуі болып табылады [4].

Екінші тенденция - әлеуметтік қызмет түрлерінің жойылуы немесе кейбір әлем халықтары тілдерінің қолданыстан кетуі. Бұл үдерістер ертеде байқалған бірақ жаһандану саны аз халықтар тілдерінің қолданыстан кетуін жеделдетіп бұл үдерісті күшейте түсті. Осылайша, XXI ғасырдың соңына қарай 6800 әлем тілдерінің 90 % жоғалып кетуі мүмкін. Лингвистердің ұзақмерзімді болжауы бойынша Еуропалық 230 тілдің жүзжылдық соңында 30 % жоғалуы мүмкін. Американдық 1013 тілдің 260-ын Солтүстік Америка үндістерінің тілдері құрайды. Бірақ осы тілдердің 80 % жергілікті американдықтардың жас ұрпақтары оқымайды. Австралияның 1311 тілдерінің 268 аборигендер құрайды. Оның 90 % жоғалудың алдында тұр. Африканың 2058 тілдерінің 54 өлі тілдер қатарында саналады, ал жартысынан көбі жоғалуға жақын. Азияның 2197 тілдерінің жартысынан көбі жоғалуға жақын тұрған «тәуекел тобы» қатарына кіреді. Папуа Жаңа Гвинея – 832 австронезия тілдерінің отаны, оның бір талайы гана оқылған, ал қалғандарының тағдыры белгісіз. Тілдердің жоғалуының табиғи себебінің бірі әлем тілдерінің жартысына жуығы 2500-ден аз тілдерді қолданушылары бар, сонда UNESCO берген бағасы бойынша тілдерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін 100 000-нан кем емес тірі қолданушылар болуы керек.

Неміс-түрік этнотілдік байланыстар мәселесі әлі арнайы әдебиетте теориялық және қолданбалы аспектіде жеткілікті түрде жариялан-

ған жоқ. Бұл әлі де толық жиналып, жүйеленбеген және сәйкес лингвистикалық материалдың аздығымен байланысты. Осыған байланысты шет мемлекеттерге әртүрлі мақсатта бағытталған елшілердің, жаушылардың бөтен елдің экономикасын, мәдениетін, тұрмысын шет тілдер сөздерімен бейнелеген жазбалары ерекше қызығушылық танытады.

Тіл этностардың жарқын және тұрақты, негізгі көрсеткіші болып табылады. Тілдердің байланысы іртүрлі жіне маңызды. Бірде олар әртүрлі кірме сөздер түрлерін әкелсе, екіншіден, көмекші «жалпы» тілдердің пайда болуына, үшіншіден, тілдік жүйенің дамуының шешуші ынта болып табылатын тілдік ассимиляцияға әкеледі. «Тілдік байланыстар» - бұл тілшілер шығарған ғылыми әдебиетте сәтті әрі кең тараған метафора. Шындығында бұл тілдердің емес, ал олардың қолданушыларының байланысы болуы мүмкін, сондықтан соңғы кездері тілдердің байланысы емес, мәдениаралық байланыс туралы жиі сөз болып жүр.

Әртүрлі халықтар мәдениетінің өзара қатынастары мен өзара байланыстары тарихи болашақта адамдарды жақындастырудың және оларды рухани біріктірудің тиімді құралы болып табылады. Көптеген адамдық қателіктер мен түсінбестіктер бейқамдықтардан, рухани мәдени тамырларын білмегендіктен, өзара араласпағандықтан бір-бірі туралы білмегендіктен, білгісі келмегендіктен болады [5, с.20-35].

Неміс тіліндегі түркілік қолданыстарды зерттеулер олардың герман тілдеріне енуі VIII-X ғасырларда ғұн-авар және печен-кум кезеңінде болғанын көрсетеді. Біздің зерттеуімізше неміс тілінде зат атауларына, қоғамдық-саяси терминологияға, сәулеттік құрылыс атауларына, және құрылысқа байланысты үш жүзден артық түркілік қолданыстар бар екендігін көрсетеді. Көбіне қоғамдық-саяси шындықтар игерілген: *der Ataman, der Janitschar, der Sultan, der Dolmetscher, der Akyn, der Emir, die Dombra, der Kalym, der Bairam, der Kasatschok*. Среди реальный предметной номенклатуры наиболее известны такие слова, как *der Schaschlyk, der Kefir, der Kebab, der Joghurt, der Kaviar, das Halwa, der Kumys; der Kaftan, der Kalpak; der Turban, der Kelim, das Sofa, das Mangal*. Түркілердің герман қауымдастығына басымшылдық жасаған уақытты есепке алсақ, мәдени қатынаста сол сияқты әскери жұмыста неміс тіліне көптеген түркілік қолданыстар енуі мүмкін әсіресе, әскери, жылқыөсіру терминдері сол

сияқты мемлекет құрылымымен байланысты түсініктерді білдіретін сөздер: *der Admi'ral, das Ar'tel, der Ata'man, der 'Aul, der 'Dolman, der Dragoman, der Effendi/E'fendi, der 'Emir, der Fer'man, der od. das 'Fetwa, der Jani'tschar, der 'Jessaul/'Jassaul, das Ka'pu, der Kind'schal, der Sabo'teur, das San'dschak* и др. Сол сияқты жер өңдеу еңбегі құралдары мен азық-түлікті білдіретін терминдер де назар аудартады. «Түркілердің шаруашылық қызметінің негізі көшпенді мал шаруашылығынан тұрады.» Сол сияқты олар үй жануарларының жаңа түрлерін шығаруға үлкен көңіл бөлген. Халқының жартысы жер шаруашылығымен, шеберлікпен, саудамен айналысқан [6, 181]. Көне түркілер қолданған терминология өзінің жерөңдеу дәстүрімен оларды өндірумен өздері айналысқанының куәсі болады, мысалы: *die Ambare, der Aryk, die Artischocke, die Bergamotte, der Hanf, die Paprika, der Spinat, der Reis* және тағы басқалар. Көптеген өзекті тақырыптық топтардың болуы – қазіргі неміс тілін қолданушылардың ұжымдық психологиясында, өмірінде салмақты өзгерістердің куәсі [7, с.15].

Неміс тіліндегі түркілік қолданыстардың игерілу дәрежесін анықтау үшін және неміс тілінің сөздік құрамында түркілік қолданыстардың алатын орнын анықтау үшін біз Е.В. Опельбаумның пікіріне сәйкес, формальды және функционалды белгілеріне негізделген классификацияға сүйенеміз [8, с.249-252]. Согласно Осы классификацияға және түркілердің тарихи тағдырларына сәйкес зерттеліп отырған лексикалық материалдың ерекшелігін ескере отырып, сол сияқты неміс тіліне түркі тілінен енген сөздерді толық суреттеу мақсатында біз барлық ТЛЭ келесі топтарға бөлеміз:

1. Толық ассимиляция күшімен және белсенді қолданысқа түскен, негізгі неміс лексикасынан айырмашылығы жоқ түркілік қолданыстар (мысалы: *die Buche, der Kaffee, der Pfeffer, die Horde, die Tulpe, das Juchten, der Hanf, der Dolmetsch, der Baldrian*).

2. Аз бөлігі ғана ассимиляцияға ұшыраған және белгілі бір семантикасы бар, бөтен байланыста әсіресе «шығыстық» тақырыпта қолданылатын түркілік қолданыстар (мысалы: *der Kelim, der Uschak, der Basar, der Diwan, der Kaviar, der Kiosk, der Harem*).

3. Түркілік қолданыстар-интернационалистер. Бұл топ жалпықолданыстағы, қоғамдық-саяси және ғылыми-техникалық терминдерден ерекшеленетін азқолданылатын және жоғарыда көрсетілген терминдермен салыстыр-

ғанда әлем тілдерінің ең аз саны «интернационализмдік» кірме сөздер болып табылады. (мысалы: *der Kok-Saghys, der Barchan, die Taiga, der Takyre, der Buran, der Türkis*).

4. Қазіргі неміс тілінде архаизм мен историзмге айналған түркілік қолданыстар. Бұл лексемалардың көбі – материалды мәдениет аясында ескірген атаулар, яғни қолданыстан шығып қалған ақша бірліктері мен көлем атаулары, тарихи терминологиялар аумағына көшкен лауазымдық тұлға, мемлекеттік мекеме атаулары (мысалы: *der Altun, der Jamstschik, der Muchtar, der Jessaul, der Tschaban, die Ambare, der Bachmatt*).

5. Түркілік қолданыстар - экзотизмдер. Экзотизмдік кірме сөздер тобына жатқызудың шешуші белгісі оның белгілі бір шетелдік жағдайда семантикалық дербестігінің болмауы болып табылады. (ауыспалы мағынада қолданылу жағдайын ескермегенде) [9, с.51-54]. Бұл сөздер ереже сияқты мәдениетті көп оқыған адамдарға белгілі, бірақ лексикалық игерілген кірме сөздерден ерекшелігі сол бұл сөздер тек неміс халқы өмірінің шындығы туралы емес, басқа халық өмірі туралы айтылғанда ғана қолданылады. Мәтінде (аударылған немесе неміс тіліндегі түпнұсқалы) сөздерді *рейхстаг, шуцман, анилюс, пфенниг, фрау, бундесвер, вермахт*, кездестіргенде оқушы бұл мәтіндегі ой Германия туралы емес екендігін бірден түсінеді.

Көптеген сөздер түркі тілінде сөйлейтін халық өмірін бейнелейді: *аул, кишлак, чайхана, плов (пилав), пиала, бай, акын* және т.б. Бұл сөздер белгілі бір халықтың, белгілі бір елдің (экзотизмдер) тақырыпта, дәстүрін, тұрмысын, үй жабдықтарын, әдет-ғұрыптарын, киімін бейнелеу қажеттілігінен туындап, айтушының шет тілін білу деңгейіне, тілдің кейбір стилистикалық жанрлық ерекшелігіне байланысты қолданады (шет тілдік қолданыстар).

Кейбір түркілік қолданыстар неміс тіліне кірігіп кеткені сондай, олар неміс тілінің тұрақты сөз тіркестерінде, фразеологизмдерде, мақал-мәтелдері құрамында белсенді қолданылады. Мысалы:

die Gamasche: vor j-m Dat. **Gamaschen** haben (тюрк. үркмек, çekинмек; birisinden korkmak) – қорқыныштан дірілдеу, біреудің алдында қорқу [10, с.511]; *die Grosche*: nicht recht bei **Groschen** sein (тюрк. akli başında olmamak, bilinçini kaybetmek, bilinçsiz) – ақылынан адасу [10, с.573]; *der Kalif*: **Kalif** auf kurze Dauer (тюрк. halif; bir saatlik halif) - ирон. сағатқа калиф [10,

с.689]; *die Kastanie*: für jemanden die **Kastanien** aus dem Feuer holen „eine unangenehme oder gefährliche Aufgabe für j-n übernehmen“ (birisi için kastanien ateşten taşımak) – біреу үшін оттан каштан алып шығу [10, с.700]; *der Kittel*: er läuft hinter jedem **Kittel** her (тюрк. her etegi peşinden koşmak) – қыз құмар, әр әйелдің соңынан жүгіреді [10, с.712]; *das Minarett*: wer ein **Minarett** stiehlt, hält eine (gute) Hülle bereit (тюрк. Minareyi çalan kilifini hazırlar) – ауыс мағынада. Кім минаретті ұрласа ол өзіне көр қазады [10, с.90]; *der Pascha*: wie ein **Pascha** leben (тюрк. lüks yaşamak) – байлықта өмір сүру [10, с.182]; *die Rose*: unter der **Rose** (тюрк. sirli, sir söylemek) – құпия, құпия бойынша [10, с.268].

Фразеологиялық тіркестер бұл жерде лексикалық құралдардың тілдік және лингвомәдени дамуының көрінісі болып табылады. «Фразеологиялық тұрақты тіркестер сөйлемді әсерлі, бейнелі ететіні бәріне белгілі» [11, с.393-398]. Өзге тілден енген сөздердің беріктігін, оның шынымен кірме сөз екендігін немесе жай ғана кездейсоқ элементті білдіретін сөз екендігін анықтау үшін бұл сөздің тілде, әртүрлі жанрда азды көпті қолданылу уақытын білу керек. Бұл сөздер жаңа шындықты белгілеумен байланысты лексикаға да сол сияқты көбіне жаңа түсінік немесе зат атауларына байланысты емес сөздерге қатысты болады.

Кезкелген этнос басқа этностармен сұхбаттасқанда ғана өмір сүреді. Әр этнос ерекше, тәуелсіз, өз жолында жалғаз, Жер биосферасының бір бөлігі ретінде басқа этностармен үздіксіз байланыста болады. Сұхбат адам табиғатымен анықталған – тек қана қарым-қатынаста болып, бір-бірін танып, келісіп, қарсыласып, соғысып, бірігіп қана адамзат өмір сүреді [12, с.35]. Считается, Мәдениеттің сұхбаттасуы арқылы мәдени құндылықтардың, барлығының «адамзат қолынан шыққан еңбек құралынан бастап, үй шаруашылығы заттарына дейін, адамдардың нақты тұрмыс жағдайынан ғылым мен өнерге, дін мен атеизмға, мораль мен философияға дейінгі» алмасуы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңдағы Германия мен Қазақстан арасындағы өзара қарым-қатынас біздің еліміздің дамуында маңызды орын алады. Германия Қазақстанның үлкен сауда-экономикалық әріптестері қатарына кіреді. Республикада германия компаниясы мен банктарының 145 өкілі жұмыс істейді, сауда, ауыл шаруашылығы, өңдеу өндірістері, денсаулықсақтау, әлеуметтік қызмет,

көлік жіне байланыс, тау-кен өндіру ісі, сол сияқты қонақ үй және мейрамхана бизнесі, жылжымайтын мүлік операциялары саласында герман капиталының қатысуымен 700-ге жуық шағын бірлескен кәсіпорындар тіркелген.

Қазақстан мен Германия үкіметінің қазіргі саясаты екі одақ арасындағы ұзақ мерзімді және ынтымақты қарым-қатынасты сақтауға бағытталған. Бұл ынтымақтастықтың табысы тек саяси және экономикалық прогнатикамен ғана шектелмейді. Одан да үлкен үмітті капитал бар, ол – «халықтық мәмілегер мен мәдени алмасудың тірі көпірі» болып табылатын адам. Бұл бір кездері Қазақстаннан тарихи отанына көшіп кеткен мыңдаған немістер. Бұл қазіргі уақытта Қазақстанда тұрып жатқан мыңдаған немістер.

Әдебиеттер:

1. Алпатов В.М. Глобализация и развитие языка // Вопросы филологии. 2004. № 2. – С. 23-27.
2. Mikhalchenko V.Yu., Trushkova Yu. Russian in the modern world // Language in a globalizing world. Cambridge, 2003. – С. 260-291.
3. Косолапов Н.А. О месте геополитики в эпоху глобализации // Восток. Orient. 2003. № 4. – С. 128-151.
4. Crystal D. English as a global language. Cambridge. 1977. X.
5. Бельгер Г. Параметры немецко-казахских культурных отношений // Переводы – мосты между культурами. –Алма-Ата, 1999. – С.20-35.
6. Карабулатова И.С., Шаймерденова Н.Ж., Авакова Р.А., Ниязова Г.М. Этнолингвистика евразийского континуума: теория и практика: Учеб.пособие. – М.: РУДН, 2009. – С.181.
7. Оразалина У. А. Исследование лексической синонимии, возникшей на базе заимствований в современном казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук: 10.02.01. – М., 1998. – С.15.
8. Опельбаум Е.В. Восточно-славянские лексические элементы в немецком языке. – Киев, 1971. – С.249-252.
9. Супрун А.Е. Экзотическая лексика // Науч. докл. высш. школы. Филологические науки. – М., 1958. – № 2. – С. 51-54.
10. Das große deutsch-russische Wörterbuch. Herausgegeben von Prof. Dr.Sc.Phil. O.I. Moscalskaja – М., 2002. – 1440с.
11. Шаяхметова А.К. Фразаологическая компетенция двуязычных детей // Сборник статей, посвященный юбилею Э.Д.Сулейменовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – С. 393-398.
12. Сабитова З.К. Прошлое в настоящем. Русско-тюркские культурные и языковые контакты. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – С. 35.
13. Бромлей Ю.В., Подольный Р.Г. Создано человечеством. – М.: Изд-во полит. Литературы, 1984. – С.3.

* * *

This article deals with some aspects of german-turkish inter-ethnic contacts which appeared in 18-20 centuries and continued till nowadays. The author also examines these contacts in the interrelation with such a phenomenon as globalisation, with tendencies reflecting the level and directions of the modern world language space development.

* * *

В данной статье речь идет о некоторых аспектах немецко-тюркских этноязыковых контактов, возникших еще в VIII-X вв. и продолжающихся до сегодняшних дней. Также автор рассматривает эти контакты во взаимосвязи с таким явлением как глобализация, с тенденциями, отражающими уровень и направления развития современного мирового языкового пространства.